

Ішкі су жолдарын пайдалану қағидаларын текіру туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 161 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 сәуірде № 10870 тіркелді.

"Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 26-6) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ішкі су жолдарын пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның көшірмесін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарына және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрінің

міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

_____ Мамытбеков А.С.

2015 жылғы 30 наурыз

Ішкі су жолдарын пайдалану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ішкі су жолдарын пайдалану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 1-тармағының 26-б) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарын пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Ішкі су жолдары жолаушыларды, багажды, жүктерді және почта жөнелтінімдерін тасымалдауға, кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреуге, пайдалы қазбаларды іздеу, барлау және өндіру, балық аулау және өзге де кәсіпшілік, құрылыс, жол, гидротехникалық, су асты-техникалық және басқа осы сияқты жұмыстарды жүргізуге, кемелерді лоцмандық алып өтуге, құтқару операцияларына, су объектілерін қорғауға, оларды ластану мен қоқыстанудан сақтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға, суға батқан мүлікті көтеруге, санитарлық және басқа да бақылауға, ғылыми зерттеулер жүргізуге, оқу, спорттық, мәдени және өзге де мақсаттарға арналған.

3. Осы Қағидаларда Заңда көзделген ұғымдар және мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жер снаряды - кемелердің және өзге де жүзу объектілерінің қауіпсіз жүзуін қамтамасыз ету мақсатында түбін тереңдету жұмыстарын жүргізуге арналған кеме;

2) навигациялық қоршау - ішкі су жолдарында олардың күрделілігін, кеме қатынасының көлемдерін, су астындағы кедергілердің бар болуын көрсету үшін қойылатын және кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін навигациялық жабдық құралдары;

3) өлшеу жұмыстары - кеме жолының тереңдігін өлшеу;

4) сағалық партияның жоспары - уәкілетті органның кәсіпорындары (бұдан әрі - кәсіпорындар) бекітетін белгілі бір кезеңге арналып өзіне гидрографиялық, геодезиялық, геологиялық, түбін тереңдету, ғылыми-ізвестіру және басқа да жұмыстарды қамтитын іздестіру жұмыстарының жоспары;

5) тральдау жұмыстары - тральдің көмегімен ішкі су жолдарын тазалау немесе белгіленген көлемдерді тексеру бойынша жұмыстар;

б) шектеулі қазу - жол жұмыстарын жүргізуді қажет ететін, кемелер мен құрамдар үшін көлемдері мен шөгуі бойынша белгілі бір шектеулері бар кеме қатынасының учаскесі.

2. Ішкі су жолдарын қолдану тәртібі

Параграф 1. Ішкі су жолдарын ұстау

4. Ішкі су жолдарын күтіп ұстау кемелер мен құрамдардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

5. Ішкі су жолдарын күтіп ұстау мынадай жағдайлар кезінде талап етілмейді:

1) егер ішкі су жолының екі жағалауы да кеме жүзетін болып табылса және кемелердің қозғалысы сағаның бүкіл ені бойына мүмкін болса (мұндай жағдайда навигациялық белгілер орнатылмауы мүмкін);

2) егер ішкі су жолының бүкіл ұзына бойында шектеулі қазулар болмаса және кемелер мен құрамдар үшін көлемі мен шөгуі бойынша шектеулер болмаса.

6. Жол жұмыстарын, оның ішінде мемлекеттік меншіктегі порттардағы рейдтерді және осы порттардың айлақтарына кіреберістерді жайластыру мен күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізуді, сондай-ақ кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды күтіп ұстауды кәсіпорындар жүзеге асырады.

7. Порттарға кіреберістерде (осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілмеген), сондай-ақ тұру пункттерінде жол жұмыстарын жүргізуді олардың иелері уәкілетті органмен келісім бойынша жүзеге асырады.

8. Ішкі су жолдарын және олардағы кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды күтіп ұстау бойынша жұмыстар жол жұмыстарын жүргізуге арналған арнайы рұқсаттарсыз жүзеге асырылады.

9. Жер снарядтарымен шектеулі қазуларды игеру өзен арнасының қайырылуын болдырмай, тек сағалық партиялардың жоспарлары бойынша ғана жүргізіледі.

10. Ішкі су жолдарының жай-күйін қадағалауды кеме қатынасы су жолдарына навигацияда екі реттен кем емес тұрақты тексерулер жүргізу арқылы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - аумақтық бөлімшелер) жүзеге асырады.

Параграф 2. Ішкі су жолдарының көлемдері

11. Ішкі су жолдарында кәсіпорындар кеме жолының кепілді көлемдерін (тереңдігі, ені, оның осінің айналу радиусы) қамтамасыз етеді.

12. Кемелердің көлемдері (ұзындығы, ені, су үстіндегі көлемі, шөгуі) және олардың жылдамдығы осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес су жолы мен кеме қатынайтын шлюздердің техникалық деректеріне сәйкес болуы тиіс.

Параграф 3. Ішкі су жолдарын навигациялық қоршау

13. Ішкі су жолдарын навигациялық қоршау ішкі су жолдарында кемелердің жүзуіне қауіпсіз жағдайлар жасауға және жасанды құрылыстардың сақталуын қамтамасыз етуге арналған.

14. Ішкі су жолдарының навигациялық қоршауын күтіп ұстауды кәсіпорындар орындайды және ол навигациялық жабдық құралдарын орнату мен оларға қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізуден тұрады. Кәсіпорындар кеме жүргізушілерге жол жағдайларының жай-күйі мен олардың өзгеруі туралы хабарлайды.

15. Темір жол, автожол, коммуналдық және қалқымалы көпірлерде, су астындағы және әуедегі өту жолдарында, су жинағыштар мен су жібергіштерде, оларды сақтауға және кемелердің жүзуіне қауіпсіз жағдай жасауға арналған кеме қатынасы дабылының белгілері (тұрақты мен жүзбелі) мен шырақтарын орнату және күтіп ұстауды осы құрылыстардың иелері жүргізеді.

16. Су кіре берістеріндегі және порттар, айлақтар, бөгеттер, рейдтер және оқшауландырылған пайдаланымдағы су жолдарының басқа да учаскелері акваториясындағы навигациялық қоршауды орнату мен күтіп ұстауды осы акваториялар мен су жолдарының учаскелері пайдаланымында орналасқан жасанды құрылыстардың иелері және ұйымдар уәкілетті органмен келісім бойынша жүргізеді.

17. Жағалық және қалқыма белгілердегі навигациялық шырақтар азаматтық ымырттың ортасына сәйкес келетін (күннің көкжиектен 3 градус төмен болған кезінде) кемінде 40 - 100 люкс құрайтын көлденеңінен жарық түсірген кезде жұмыс істеуге тиіс.

Құрылыстардағы навигациялық шырақтар шектеулі көру кезеңінде жұмыс істеуге тиіс.

18. Су жолының дабыл белгілерін кемелерді немесе жүзу құралдарын арқандап байлау немесе шығару үшін пайдалануға, сондай-ақ осы белгілерді зақымдауға жол берілмейді.

19. Әрбір кеме жүргізуші тиісті кәсіпорынды жолдың дабыл белгілерінде байқалған жұмыс істеу ақаулығының барлық жағдайлары (сөнген шырақ, бакеннің, қалқыманың орнынан қозғалуы, белгінің зақымдануы) туралы хабардар етеді.

20. Кәсіпорындар ішкі су жолдарының қоршаулары зақымдануының, құрамдар көлемдері мен жолдың жарияланған көлемдерінің сәйкес болмауы салдарынан қазулар зақымдануының барлық жағдайларына актілер жасайды және оларды жою жөнінде қажетті шаралар қабылдайтын аумақтық бөлімшелерге жібереді.

Ішкі су жолдарын пайдалану
қағидаларына қосымша

Кемелер мен су жолдары көлемдерінің ара қатынасы

Ішкі су жолдарындағы түп астындағы ең аз су қорлары (сантиметрмен)

Су жолының тереңдігі	Барлық кемелер үшін	
	Құмды және жұмыртасты жерде	Тасты жерде

150-ден кем	10	15
150-300	15	20
300-ден артық	20	25

Ескертпе:

1. Қорлардың мәні шектеулі қазуда жарияланған тереңдік пен тұрған кеменің ең үлкен шөгуді арасындағы айырмашылықты көрсетеді.

2. Тереңдігі бойынша шектеулі қазудан өткен кезде кеме жүргізушілері қайырлау құбылысын ескереді және кеме жылдамдығын төмендету немесе көмекші сүйретіп жүзуші кемені тарту жолымен, мұндай шаралар жеткіліксіз болған кезде - шөгуді (тиеуді) тиісті азайту жолымен оны төмендету үшін шаралар қабылдайды.

Кеме қатынайтын шлюздердегі түп астындағы су қорлары (сантиметрмен)

Табалдырық салу тереңдігі	Тасты немесе бетонды кеме қатынайтын шлюз табалдырығындағы су қоры
100-ге дейін	-
100-ден артық	-
250-ге дейін	25
250-ден артық	40

Кеме қатынайтын шлюздің ені мен ұзындығы бойынша қорлар

Ені 10 метрге дейін кеме қатынайтын шлюздегі кеме борты (ең үлкен ені бойынша) мен кеме қатынайтын шлюздің қабырғасы арасындағы қор ені 18 метрге дейін кеме қатынайтын шлюзде тиісінше - 0,4 метр, 18 метрден артық - 0,5 метр, әрбір борт жағынан 0,2 метр болуы тиіс.

Кеме қатынайтын шлюзден өткен кезде жалғыз кеменің (кеме құрамының) ұзындығы оның камерасының пайдалы ұзындығынан кем болуы тиіс: ұзындығы 50 метрге дейін кеме қатынайтын шлюзде - 1 метрге, ұзындығы 51 метрден 100 метрге дейін - 2 метрге, 101 метрден 150 метрге дейін - 4 метрге, 151 метрден 210 метрге дейін - 6 метрге және ұзындығы 210 метрден артық кеме қатынайтын шлюзде - 10 метрге.